



"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 997 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

К. Мәсімов

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы

Осы Заң мемлекеттік бақылау және қадағалауды жүзеге асыру процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) мемлекеттік бақылау - бұл мемлекеттік органның бақылау және қадағалау субъектілерін олардың қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі мәнін, жүзеге асыру барысында және нәтижесі бойынша жедел ден қою шараларынсыз құқық шектейтін сипаттағы шаралар қолданылуы мүмкін тексеру және байқау жөніндегі қызметі (бұдан әрі - бақылау);
- 2) мемлекеттік қадағалау - мемлекеттік органның бақылау және қадағалау субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтауын, жүзеге асыру барысында және нәтижесі бойынша құқық шектейтін сипаттағы, соның ішінде жедел ден қою шаралары қолданылуы мүмкін тексеру және байқау жөніндегі қызметі (бұдан әрі - қадағалау);
- 3) бақылау және қадағалау органдары - заңнамаға сәйкес лицензиялауды және/немесе өзге де рұқсат құжаттарын беруді, тіркеу есебіне қоюды, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар қызметінің заңдарда белгіленген талаптарына сәйкестігі мәнін тексеру және байқауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар және олардың аумақтық бөлімшелері;
- 4) бақылау және қадағалау объектісі - мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің қызметі;
- 5) бақылау және қадағалау субъектісі - мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлға, олардың филиалдары мен өкілдігі;
- 6) тәуекел - тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың

заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүлiктiк мүдделерiне зиян келтiрудiң ықтималдығы.

7) тәуекелдердi бағалау жүйесi - бақылау және қадағалауды жүзеге асыруға уәкiлеттiлердiң тексерулердi жоспарлау мақсатында жүргiзетiн iс-шаралар кешенi.

8) жедел ден қою шаралары - Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тексерiлетiн субъектiлерге қоғамдық-қауiптi салдарларды болуын болдырмау мақсатында, тексерудi жүзеге асыру барысында және тексерулер нәтижелерi бойынша қолданылатын ықпал ету тәсiлдерi.

2-бап. Қазақстан Республикасының бақылау және қадағалау туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының бақылау және қадағалау туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негiзделедi және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтiк құқықтық актiлерiнен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше ережелер белгiленсе, онда халықаралық шарттың ережелерi қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң тексерiлетiн субъектiлерге құқықтық мәртебесi, меншiк нысаны және қызмет түрлерiне тәуелсiз бақылау және қадағалау жүргiзудi ұйымдастыру саласындағы қатынасты реттейдi.

2. Осы Заңмен:

- 1) бақылау және қадағалау органдары жүзеге асыратын тексерулердi жүргiзу тәртібi;
- 2) бақылау және қадағалау органдарының тексерулер жүргiзу кезiндегi өзара iс-қимылы;
- 3) тексерiлетiн субъектiлердiң бақылау және қадағалау жүргiзу кезiндегi құқығы және мiндеттерi, олардың құқықтары және заңды мүдделерiн қорғау жөнiндегi шаралар;
- 4) бақылау және қадағалау органдарының және олардың лауазымды адамдарының тексеру жүргiзу кезiндегi құқығы және мiндеттерi белгiленедi.

3. Осы Заңның күшi, осы Заңның 7-бабын қоспағанда:

- 1) қылмыстық процесс және жедел-iздестiру қызметi шеңберiндегi бақылаумен және қадағалаумен;
 - 2) сот iс жүргiзу тәртібiмен қадағалаумен;
 - 3) прокуратура органдарының жоғары қадағалауды жүзеге асыруымен;
 - 4) инвестициялық артықшылықтарды көздейтiн инвестицияларды жүзеге асыруға келiсiм-шарттардың талаптарының сақталуын бақылаумен;
 - 5) жер қойнауын пайдаланушылардың пайдалы қазбаларды барлауды, өндiрудi, бiрлескен барлау мен өндiрудi жүргiзуге не барлаумен және (немесе) өндiрумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға, не жер қойнауын мемлекеттiк геологиялық зерделеу келiсiм шарттары талаптарын сақтауын бақылаумен;
 - 6) кеден iсi саласындағы мемлекеттiк бақылаумен байланысты қатынасқа қолданылмайды.
- Осы баптың 1) - 6) тармақшаларында көрсетiлген бақылау және қадағалауды жүргiзу кезiнде туындайтын қатынас Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледi.

4-бап. Мемлекеттiк органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметiне қойылатын талаптар

Мемлекеттiк органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметiне қойылатын талаптар нормативтiк құқықтық актiлермен, ал Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарымен ғана, Қазақстан Республикасы Президентiнiң жарлықтарымен және Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң қаулыларымен белгiленедi.

5-бап. Құқық қорғау органдарының бақылау және қадағалауды жүзеге асыру кезінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кепілдіктері

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты құқық қорғау органдары бақылау және (немесе) қадағалау іс-шараларын қылмыстық қудалау, әкімшілік іс өндірісі және құқық қорғау органдары жүзеге асыратын реттеу функцияларын іске асыру шеңберінде ғана жүргізеді.

Осы Заңның талаптарына сәйкес келмейтін құқық қорғау органдарының кез-келген өзге бақылау немесе қадағалау қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен заңсыз деп танылады.

7-бап. Мемлекеттік бақылау

1. Мемлекеттік бақылау мыналарға бөлінеді:

1) ішкі бақылау - мемлекеттік органның, оның құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің, ведомстволық бағынысты мемлекеттік органдарының және ұйымдарының мемлекеттік органдар қабылдаған шешімдерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарын орындауын қамтамасыз етуге бағытталған, бақылауы.

Ішкі бақылауды жүргізу тәртібі осы Заңның 6-бабымен анықталады.

Осы тармақшаның күші Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне сәйкес жүргізілетін ішкі бақылау бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген орган жүзеге асыратын ішкі бақылауға қолданылмайды.

2) сыртқы бақылау - бақылау және қадағалау органының тексерілетін субъектілер қызметінің осы Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру және байқау жөніндегі бақылауы;

Ішкі бақылауды жүргізу тәртібі осы Заңның 2-тарауымен анықталады.

Сыртқы бақылау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде әкімшілік, тәртіптік іс жүргізуді қозғайды не өз құзыреті шегінде тиісті талап-арызға бастамашылық етеді немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де шараларды қабылдайды.

7-бап. Ішкі бақылау

1. Ішкі бақылау мыналарға бөлінеді:

1) құқықтық актілердің орындалуын бақылау (орындалуы құқықтық актілерде көзделген іс-шаралар). Мұндай жағдайда бақылауға орындалуға тиіс іс-шаралар қамтылған барлық құқықтық актілер алынады;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және мемлекеттік органның басшы лауазымды адамының, қызметтік сипаттағы өзге де құжаттардан туындайтын тапсырмаларының орындалуын бақылау.

2. Ішкі бақылау:

- 1) қажетті ақпараттарды сұрату;
- 2) орындалуы туралы есептерді және баяндамаларды тыңдау және талдаудан;
- 3) тексеру және құжаттамалық тексерістің өзге де нысандары;
- 4) жергілікті жерлерге шыға отырып, тексерулер;
- 5) заңнамаға қайшы келмейтін басқа да тәсілдер арқылы жүргізіледі.

3. Ішкі бақылау мынадай өлшемдер бойынша жүргізіледі:

- 1) Құрылымдық, аумақтық бөлімшелердің, ведомстволық бағынысты мемлекеттік органдардың және ұйымдардың және лауазымды тұлғалардың қызметінің олардың алдына қойылған міндеттерге сәйкестігі;
- 2) уақытында және толық орындалуы;

3) орындау кезінде заңнама талаптарын сақтауы.

4. Күшіне енген құқықтық актінің орындалуына бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды тұлға не мемлекеттік органның тиісті құрылымдық бөлімшесі қажеттігіне қарай бақылау бойынша іс-шара әзірлейді.

Бұл ретте ішкі бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды тұлға не мемлекеттік органның тиісті құрылымдық бөлімшесі түскен ақпаратты оның орындалуы туралы:

1) құқықтық актінің дәрежесін және орындалу сапасын;

2) құқықтық актіні орындауда ауытқушылықтардың бар-жоғын, олардың себептен және ауытқуларды жою үшін ықтимал шараларды белгілеу;

3) бақылаудан алу не орындалу мерзімін ұзарту мүмкіндігін;

4) құқықтық актіні орындамағаны үшін нақты лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін анықтау үшін талдайды.

Ақпаратты талдау қорытындысы бойынша дайындалған ұсыныс мемлекеттік органның басшылығына тиісті шешім қабылдау үшін баяндалады. Қабылданған шешім туралы орындаушылар хабардар етіледі.

5. Құқықтық актіде көзделген іс-шаралардың орындалуын бақылаудан алу және мерзімдерін ұзартуды мемлекеттік органның басшысы жүзеге асырады.

6. Жоғары тұрған мемлекеттік органның не орындаушы-органның бақылау қызметі құқықтық актіде белгіленген орындау мерзімі аяқталғанға дейін, орындаушыға, мемлекеттік органның регламентімен анықталған тәртіппен тиісті жазбаша ескерту жібереді.

Ішкі бақылауды ұйымдастырудың және жүзеге асырудың қосымша мәселелерін мемлекеттік органның өзі не не оған қатысты жоғары тұрған мемлекеттік орган анықтауы мүмкін.

8-бап. Мемлекеттік қадағалау

1. Мемлекеттік қадағалау уәкілетті мемлекеттік органның әкімшілік іс-жүргізуді қозғамай, жедел ден қою құқық шектейтін шараларды қолданылуынан көрінеді.

Жедел ден қою құқық шектейтін шаралар Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделеді және мемлекеттік орган тексерілетін субъектінің қызметі, тауар (жұмыс, қызмет) тікелей азаматтардың және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарына, бостандықтарына және заңды мүдделеріне, адамдардың өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға тікелей қатер төндірген жағдайда зиянды келтіруге жол бермеу немесе оны келтіруді тоқтату мақсатында қолданылады.

2. Мемлекеттік қадағалау:

1) Қазақстан Республикасының прокуратурасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де заңнамаға сәйкес жүзеге асыратын жоғары қадағалау;

2) уәкілетті мемлекеттік органдар осы заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен белгіленген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асыратын қадағалау болып бөлінеді.

9-бап. Бақылау және қадағалау нысандары

1. Тексерілетін субъектілердің қызметін бақылау және қадағалау:

1) ұйымдастырылу және жүргізілу тәртібі осы Заңда айқындалатын тексерулер;

2) ұйымдастырылу және жүргізілу тәртібі, егер Қазақстан Республикасының Салық кодексінде өзгеше көзделмесе, осы баппен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен айқындалатын алдын алу-профилактикалық сипаты бар бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарында жүзеге асырылады.

2. Бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарын жүргізген кезде тексерілетін субъектіні алдын ала хабардар ету, сондай-ақ құқықтық статистика және арнаулы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеу талап етілмейді.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін бақылау және қадағалаудың өзге де нысандарының түріне қарай оның қорытындылары бойынша бұзушылық анықталған жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс

қозғамастан, бірақ оған бұзушылықты жою тәртібін міндетті түрде түсіндіре отырып, қорытынды (анықтама, нұсқама, қорытынды және басқа) құжаттар жасалуы мүмкін.

Осы тармақтың екінші бөлігі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жүзеге асырылатын бақылаудың өзге де түрлеріне қолданылмайды.

10-бап. Бақылаудың және қадағалаудың қағидаттары және міндеттері

1. Бақылау және қадағалау:

- 1) заңдылық;
- 2) бәрінің заң мен сот алдындағы теңдігі;
- 3) жеке немесе заңды тұлғаны адалдық презумпциясы;
- 4) жариялылық;
- 5) мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының кәсіптік біліктілігі мен құзыреттілігі;
- 6) мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және олардың өз өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін жауаптылығы;
- 7) жазалау алдында құқық бұзушылықты болғызбаудың басымдығы;
- 8) қажеттілік пен жеткіліктілік;
- 9) мемлекеттік органдар арасында бақылау өкілеттіктерінің аражігін ажырату;
- 10) адал тексерілетін субъектілерді көтермелеу, құқық бұзушыларға бақылауды шоғырландыру;
- 11) тексерілетін субъектілер мен тұтынушылардың өздерінің заңды құқықтарын өз бетінше қорғау қабілеттілігін арттыру;
- 12) мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесінің есептілігі мен ашықтығы;
- 13) тәуелсіздік;
- 14) объективтілік;
- 15) шынайылық принциптеріне негізделеді.

2. Бақылаудың және қадағалаудың міндеті экономикалық қауіпсіздікті, алдау практикасының алдын алуды, табиғи және энергетика ресурстарын үнемдеуді, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды және жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделерін қоса алғанда, тексерілетін субъекті өндіретін және сататын өнімдердің адамдар өмірі мен денсаулығына қауіпсіздігін, олардың мүлкін қорғауды, қоршаған ортаға қауіпсіздігін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

3. Мемлекеттік органдарға осы Заңның 12-бабы 1-тармағында, 13-бабының 1-тармағында, 14-баптың 1-тармағында көзделген нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу тәртібі мәселелері бойынша заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылдауға тыйым салынады.

4. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін бақылау және қадағалау мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейтін мемлекеттік органдар оларды кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келіседі.

5. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылау және қадағалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Заңның қосымшасында көрсетілген қызмет саласында жүзеге асырылады.

11-бап. Бақылау және қадағалау органдарының құзыреті

Бақылау және қадағалау органдары:

- 1) мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тиісті бағыттағы мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады;
- 2) бақылау және қадағалау жүргізуді жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады және жүргізеді;
- 4) Өзінің құзыреті шегінде бақылау және қадағалау саласындағы нормативтік құқықтық

актілерді әзірлейді;

- 5) бақылау және қадағалау тиімділігіне мониторинг ұйымдастырады және жүргізеді;
- 6) Қазақстан Республикасындағы бақылау және қадағалау органдарының қызметін өзара үйлестіруді жүзеге асырады;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

2-тарау. Тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

12-бап. Тексерулердің жалпы мәселелері

1. Тексерілетін субъектіні тексеру - бақылау және қадағалау нысандарының бірі, оны бақылау және қадағалау органдары мынадай іс-әрекеттерді:

- 1) мемлекеттік орган лауазымды адамының субъектіге баруын;
- 2) бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарын жүргізу кезінде қажетті ақпаратты талап етуді қоспағанда, тексеру нысанасына қатысы бар қажетті ақпаратты сұрату;
- 3) осы Заңның 4-бабына сәйкес тексерілетін субъектінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарын олардың сақтауы туралы ақпарат алу мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектісін шақырту арқылы жүргізеді.

2. Тексерудің нысанасы бақылаудың және қадағалаудың тексерілетін субъектілерінің осы Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарын сақтауы болып табылады.

3. Осы Заңның 25-бабының 2 және 3-тармақтарын, 28-бабын қоспағанда, осы Заңның осы тарауының күші:

- 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтумен;
- 2) кедендік одақтың кедендік шекарасын және (немесе) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кездегі өсімдіктер карантині, санитариялық-карантиндік, ветеринариялық бақылауды саласында бақылау және қадағалау жүргізумен;
- 3) жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарын сақтаумен;
- 4) көліктегі қауіпсіздік талаптарын сақтау тұрғысынан көліктік бақылау бекеттерінде автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өтуімен;
- 5) кеме иелерінің және кемелер экипаждары мүшелерінің Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі және сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңдарына сәйкес шағын көлемді кемелерді қауіпсіз түрде пайдалану жөніндегі талаптарын орындауын бақылаумен және қадағалаумен;
- 6) жеке тұлғалардың азаматтық қаруды сақтау, тағып жүру және пайдалану талаптарын сақтауымен;
- 7) базарларда, жануарлардан, өсімдіктерден алынатын өнімдер мен шикізаттарды бір технологиялық циклде өндіруді, дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді жүзеге асыратын ұйымдарда ветеринария және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырумен;
- 8) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорын күзету, қорғау, оны пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы талаптардың сақталуына, сондай-ақ жануарлар және өсімдіктер дүниесі объектілерінің санкциясыз алып қойылуын бақылауды жүзеге асырумен;
- 9) карантиндік аймақтарды және қолайсыз мекендерде жануарлар мен құстардың аса қауіпті аурулары бойынша іс-шараларды бақылаумен және қадағалаумен;
- 10) жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігі және авиациялық қауіпсіздігі талаптарын сақтауымен;
- 11) ішкі істер органдарының жүргізілетін жедел-профилактикалық іс-шаралары шеңберінде қарудың, жарылғыш және улы заттардың, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың, азаматтық, пиротехникалық заттардың және олар қолданылған бұйымдардың заңды айналымы саласындағы бақылаумен;

12) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіруді жүзеге асыратын субъектінің аумағында Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес орнатылған акциздік бекеттер арқылы бақылаумен, сондай-ақ этил спиртін және алкоголь өнімдерін өндіруді жүзеге асыратын ұйымдарда этил спиртіне және алкоголь өнімдеріне бақылау есебінің жүргізілуімен, өтініш берушінің этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру және айналымы қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сай келуін анықтаумен;

13) Қазақстан Республикасының қаржылық заңнамасының сақталуымен, сондай-ақ қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды бақылаумен және қадағалаумен;

14) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптарын сақтаумен;

15) Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының, сондай-ақ республикалық бюджеттің атқарылуын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтаумен байланысты қатынастарға қолданылмайды.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тексерулерді жүргізу кезінде туындаған қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеледі.

5. Салық қызметі органдары жүзеге асыратын тексерулер тәртібінің ерекшеліктері, жүргізу мерзімдері, ұзарту және тоқтата тұру, тағайындау, нәтижелері туралы актіні ресімдеу және аяқтау Қазақстан Республикасының Салық кодексімен анықталады.

13-бап. Тәуекелдерді бағалау жүйесі

1. Мемлекеттік органдар тексерілетін субъектілерді тәуекел дәрежесіне қарай жоғары, орташа не төмен тәуекел топтарына жатқызады және олар үшін жоспарлы тексерулер жүргізудің:

жоғары тәуекел дәрежесі кезінде - жылына бір реттен;

орташа тәуекел дәрежесі кезінде - үш жылда бір реттен;

төмен тәуекел дәрежесі кезінде - бес жылда бір реттен жиі емес кезеңділігін айқындайды.

Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау, ветеринария, карантин және өсімдіктерді қорғау, тұқым шаруашылығы, астық және мақта нарығы, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы осы Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарының сақталуын тексеру үшін жоспарлы тексерулер жүргізудің кезеңділігі:

1) ветеринария, карантин және өсімдіктерді қорғау, тұқым шаруашылығы, астық және мақта нарығы саласында:

жоғары тәуекел дәрежесі кезінде - жарты жылда бір реттен;

орташа тәуекел дәрежесі кезінде - бір жылда бір реттен;

төмен тәуекел дәрежесі кезінде - үш жылда бір реттен жиі болмауға;

2) санитариялық-эпидемиологиялық бақылау саласында:

жоғары тәуекел дәрежесі кезінде - айына бір реттен;

орташа тәуекел дәрежесі кезінде - тоқсанына бір реттен;

төмен тәуекел дәрежесі кезінде - жылына бір реттен;

3) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында:

жоғары тәуекел дәрежесі кезінде - тоқсанына бір реттен;

орташа тәуекел дәрежесі кезінде - жарты жылда бір реттен;

төмен тәуекел дәрежесі кезінде - жылына бір реттен жиі болмауға тиіс.

Тексеру субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу субъектінің салдардың ауырлығы тұрғысынан маңызы, осы Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтардың салалық статистикасы, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулердің нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік органдар міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарына, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне, тексерулер жоспарына, тексерулер жүргізудің жылдық жоспарына қатысты актілерді әзірлейді және бекітеді.

4. Жеке кәсіпкерлік саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері бақылау және қадағалау органдарының және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен бұйрығымен бекітіледі және мемлекеттік органдардың ресми сайттарында жарияланады.

Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері - тексерілетін субъектінің тікелей қызметімен, салалық

даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, тексерілетін субъектінің әртүрлі тәуекел дәрежесіне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы.

14-бап. Ведомстволық есеп

1. Мемлекеттік органдар міндетті ведомстволық есептіліктің нысандарына қатысты актілерді әзірлейді және бекітеді.

Тексерілетін субъектілерді тексеру мәселелері жөніндегі міндетті ведомстволық статистикалық есептіліктің нысандары мемлекеттік орган, құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті орган басшыларының бірлескен бұйрығымен бекітіледі.

Жеке кәсіпкерлік саласындағы тексерілетін субъектілерді тексеру мәселелері жөніндегі міндетті ведомстволық статистикалық есептіліктің нысандарын да кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітуі тиіс.

2. Бақылау және қадағалау органдары тексерілетін субъектілерді тексерулер санының, сондай-ақ тексеру парақтарына сәйкес анықталған бұзушылықтардың және олар бойынша қабылданған әкімшілік ықпал ету шараларының ведомстволық есебін тұрақты және үздіксіз негізде жүргізуге міндетті.

Тексерілетін субъектілерді тексеру жөніндегі міндетті ведомстволық есептіліктің жиынтық деректері мемлекеттік органдардың ресми Интернет-ресурстарында жарияланады.

15-бап. Тексеру парақтары

1. Бақылау және қадағалау органдары өз құзыреті шегінде тексерілетін субъектілердің біртекті топтары үшін тексеру парақтарын бекітеді.

Тексеру парақтарының нысандарын бақылау және қадағалау органдары анықтайды және бекітеді және бұқаралық ақпарат құралдарында және мемлекеттік органдардың ресми Интернет-ресурстарында жариялануға жатады.

Жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парақтарының нысандары бақылау және қадағалау органдарының және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен бұйрығымен бекітіледі және мемлекеттік органдардың ресми Интернет-ресурстарында жариялануға жатады.

2. Тексеру парағы осы Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тексерілетін субъектілердің қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, азаматтардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге әкеп соғатын талаптардың түбегейлі тізбесін қамтиды.

Тексеру парағында қамтылған, тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптар ең аз жеткіліктілік принциптеріне сәйкес қалыптастырылады.

Осы Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген не тексерілетін субъектінің қызметінен келетін тәуекел дәрежесін төмендетуге әсер етпейтін талаптар тексеру парақтарына енгізілуге жатпайды және олар жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру барысында қойылмайды.

16-бап. Тексеру түрлері

1. Тексерілетін субъектілерді тексеру мынадай түрлерге:

- 1) жоспарлы;
- 2) жоспарлы емес болып бөлінеді.

Жоспарлы тексеру - бақылау және қадағалау органы уәкілетті органның тәуекелдерді бағалау жүйесіне сәйкес және адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнген қатердің алдын алу мақсатында алдыңғы

тексерулерге қатысты белгіленген уақыт аралықтарын ескере отырып бекіткен тексерулер жоспары негізінде нақты тексерілетін субъектіге қатысты тағайындайтын тексеру.

Жоспардан тыс тексеру - бақылау және қадағалау органы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне тікелей төнген қатердің алдын алу мақсатында жеке кәсіпкерліктің нақты тексерілетін субъектіге қатысты тағайындайтын тексеру.

Жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер бірнеше тексерілетін субъектілерге қатысты мынадай:

- 1) салық органдарында тіркеу есебіне қою;
- 2) бақылау-кассалық машиналардың болуы;

3) акциздік және есептік-бақылау маркаларының болуы және төлнұсқалылығы, этил спиртін босатуға лицензияның, рұқсаттың, патенттің, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 574-бабында көрсетілген тіркеу карточкасының болуы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын сақтау жөнінде ғана бір мезгілде жүргізіледі.

2. Жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер ішкі еңбек тәртібі қағидаларында белгіленген тексерілетін субъектінің жұмыс уақытында, егер осы тармақтың екінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, жүзеге асырылады.

Жоспардан тыс тексерулер, жұмыстан тыс уақытта (түнгі, демалыс немесе мереке күндері) бұзушылықтардың, оларды жасау сәтінде тікелей жолын кесу үшін және айғақтарды бекіту үшін кейінге қалдыруға болмайтын әрекеттер жасау үшін жүргізілуі мүмкін.

3. Жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер:

- 1) кешенді тексерулер;
- 2) тақырыптық тексерулер болып бөлінеді.

Бақылау және қадағалау органдарының бірнешеуі тексерілетін субъектіні тексеруді бір мезгілде жүргізуі қажет болған кезде осы органдардың әрқайсысы тексеруді тағайындау туралы актіні ресімдеуге және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркетуге міндетті.

Бақылау және қадағалау органының бір ғана сол мәселелер шеңбері бойынша тексерілетін субъектілердің бірнеше субъектісін тексеруі қажет болған кезде осы орган тексерілетін әрбір субъектіге тексеруді тағайындау туралы актіні ресімдеуге және оны құқықтық статистика органында тіркетуге мынадай мәселелер:

- 1) салық органында тіркеу есебіне қою;
- 2) бақылау-кассалық машиналардың болуы;

3) акциздік және есептік-бақылау маркаларының болуы және төлнұсқалылығы, этил спиртін босатуға лицензияның, рұқсаттың, патенттің, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 574-бабында көрсетілген тіркеу карточкасының болуы мәселелері бойынша жүргізілетін тексерулерді қоспағанда, міндетті.

Кешенді тексеру - тексерілетін субъектінің қызметін осы Заңның 4-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарын сақтау мәселелері кешені бойынша тексеру.

Тақырыптық тексеру - тексерілетін субъектінің қызметін осы Заңның 4-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарын сақтау жекелеген мәселелері бойынша тексеру.

4. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жоспарлы тексерулер жүргізудің жыл сайынғы жиынтық жоспарын қалыптастыруы үшін бақылау және қадағалау органдары жыл сайынғы тексеру жүргізу жоспарларын жоспарлы тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі мерзімде құқықтық статистика органына жібереді.

5. Жыл сайынғы тексеру жүргізу жоспарларын өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жоспарлы тексерулер жүргізудің жыл сайынғы жиынтық жоспарын ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми Интернет-ресурсына орналастырады.

6. Бақылау және қадағалау органы тәуекелдерді бағалау жүйесі іс-шараларының нәтижелері негізінде бекіткен жоспар тексерілетін субъектілерге жоспарлы тексеру тағайындау үшін негіз болады.

7. Тексерілетін субъектілерді жоспардан тыс тексеруге:

- 1) тексерудің нәтижесінде және бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарының

нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың (қаулылардың, ұсынулардың, хабарламалардың) орындалуын бақылау;

2) жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан, Қазақстан Республикасы Парламентінің және жергілікті өкілді органдардың депутаттарынан адамдардың өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірілгені не зиян келтіру қатері туралы ақпарат пен өтініштер алу;

3) тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алу мақсатында, тексерілетін субъектінің азаматтық-құқықтық қатынастары болған үшінші тұлғаға қатысты жүргізілетін қарсы тексеру;

4) тексерілетін субъектінің өз қызметіне тексеру жүргізу туралы бастамашылық өтініші;

5) егер тексерілетін субъектіге қатысты жоспарлы тексеру жүргізу белгіленбесе, оны қайта ұйымдастыру және атауын өзгерту;

6) тексерілетін субъектінің бастапқы тексеруге келіспейтіні туралы өтінішіне байланысты қайталама тексеру;

7) Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген негіздер;

8) салық төлеушілердің өтініштері, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 627-бабында айқындалған мәліметтер мен мәселелер негіз болып табылады.

8. Жоспардан тыс тексерулер иесі бүркемеленген өтініштер болған жағдайларда жүргізілмейді.

9. Жоспардан тыс тексерулерге осы жоспардан тыс тексеруді жүргізу үшін негіз болған фактілер мен мән-жайлар жатады.

10. Эпидемия, карантиндік объектілер және аса қауіпті зиянды организмдер ошақтары, инфекциялық, паразиттік аурулар таралу, уланулар, радиациялық апаттар туындаған немесе олардың туындау қатері төнген жағдайларда объектілерге жоспардан тыс тексеру алдын ала хабардар етпестен және тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеместен, оны кейіннен құқықтық статистика және арнайы есеп алу уәкілетті органына келесі жұмыс күні ішінде табыс ете отырып жүргізіледі.

11. Бақылау және қадағалау органдары және құқықтық статистика және арнайы есеп алу уәкілетті органы орналасқан жерден шалғайда тұрған объектілерде немесе субъектілерде жоспардан тыс тексеру жүргізуге негіз бары анықталған жағдайда жоспардан тыс тексеру алдын ала хабардар етпестен және тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеместен, оны кейіннен құқықтық статистика және арнайы есеп алу уәкілетті органына келесі бес жұмыс күні ішінде табыс ете отырып жүзеге асырылады.

12. Жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізу үшін санамаланған негіздер мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелеріне, резидент емес заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелеріне, қызметін әділет органдарында тіркелмей жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

13. Осы Заңда белгіленбеген өзге де тексеру түрлерін жүргізуге, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген тексерулерді қоспағанда, тыйым салынады.

17-бап. Тексерулер тағайындау туралы акті

1. Тексеру мемлекеттік органның тексеруді тағайындау туралы актісі негізінде жүргізіледі. Тексеруді тағайындау туралы актіде:

1) актінің нөмірі мен күні;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексеру жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда) және лауазымы;

4) тексерулер жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар және сарапшылар туралы мәлімет;

5) тексерілетін субъектінің атауы немесе тексеру жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда), оның орналасқан жері, сәйкестендіру нөмірі, аумақтың учаскесі;

6) тағайындалған тексерудің мәні;

7) тексеру жүргізудің мерзімі;

8) тексеру жүргізудің құқықтық негіздері, оның ішінде міндетті талаптары тексеруге жататын нормативтік құқықтық актілер;

9) тексерілетін кезең;

10) актіге қол қоя алатын адамның қолы және мемлекеттік органның мөрі көрсетіледі.

18-бап. Тексерулер тағайындау туралы актіні мемлекеттік тіркеу

1. Салық қызметі органдары жүзеге асыратын қарсы тексерулерді қоспағанда, тексеруді тағайындау туралы акті құқықтық статистика және арнайы есеп алу уәкілетті органында міндетті түрде тіркеледі.

Тексеру тағайындау туралы актіні тіркеудің есептік сипаты бар және тәуекелді басқарудың ведомстволық жүйелерін қалыптастыру мен жетілдіру үшін пайдаланылады.

Тексерулер тағайындау туралы актінің тіркелуі осындай тексерудің заңдылығына дәлел болып табылмайды.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері бойынша салық қызметі органдары жүзеге асыратын қарсы тексерулерді тағайындау туралы актілер жөніндегі жалпы мәлімет тоқсан сайын құқықтық статистика және арнайы есеп алу уәкілетті органына беріледі.

2. Бақылау және қадағалау органының тексеру тағайындау туралы актісі тексерулер басталғанға дейін құқықтық статистика және арнайы есепке алу уәкілетті органында, тексерілетін субъектінің орналасқан жері бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу уәкілетті органының аумақтық бөлімшесіне оны, соның ішінде электронды форматта ұсыну арқылы, тіркеледі.

Тексерулердің тағайындалғаны туралы актілерді мемлекеттік тіркеу, тоқтата тұру, қайта жаңғырту, тексеру мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту, тексеру және оның нәтижелері туралы ақпараттық есептік құжаттарды ұсыну тәртібін құқықтық статистика және арнайы есепке алу уәкілетті органы анықтайды.

3. Тексерулер қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығына және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне қауіпті тез арада жоюды талап ететін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуалға байланысты қажет болған жағдайда, сондай-ақ тексерулерді тыс уақытта (түнгі, демалыс немесе мереке күндері) жүргізген жағдайда қажеттігіне қарай бұзушылықтардың тікелей оларды жасау сәтінде жолын кесу үшін және айғақтарды бекіту үшін кейінге қалдыруға болмайтын әрекеттер жасау үшін тексерулер тағайындау туралы актіні мемлекеттік тіркеу құқықтық статистика және арнайы есепке алу уәкілетті органында тексерулер басталғаннан кейінгі келесі жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

19-бап. Тексеру жүргізу тәртібі

1. Бақылау және қадағалау органы тексерілетін субъектіні тексеру жүргізудің мерзімдері мен нысанын көрсете отырып, тексеру басталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жоспарлы тексеру жүргізудің басталатыны туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

Жоспардан тыс тексеру жүргізу кезінде осы Заңның 15-бабы 7-тармағының 2), 3), 4), 7), 8) тармақшаларында, 9 және 10-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік орган жеке кәсіпкерлік субъектісін тексеру жүргізу нысанын көрсете отырып, тексеру басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын жоспардан тыс тексеру жүргізудің басталатыны туралы хабарлауға міндетті.

2. Объектіге тексеру үшін келген мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары:

1) құқықтық статистика және арнайы есеп алу уәкілетті органында тіркеу туралы белгі қойылған тексеруді тағайындау туралы актіні;

2) қызметтік куәлігін;

3) қажет болғанда режимді объектілерге баруға құзыретті органның рұқсатын;

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен берілген объектілерге бару үшін болуы қажет медициналық рұқсаттаманы;

5) тексеру парағын көрсетуге міндетті.

Тексеруді тағайындау туралы актіні тексерілетін жеке кәсіпкерлік субъектісіне берген сәттен бастап тексеру жүргізу басталды деп есептеледі.

3. Тексеруді тағайындау туралы актіні қабылдаудан бас тартқан немесе тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының тексеру жүргізуге қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірілген жағдайда хаттама жасалады. Хаттамаға тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органның лауазымды адамы және тексерілетін жеке кәсіпкерлік субъектісінің уәкілетті адамы қол қояды.

Тексерілетін субъектінің уәкілетті адамы бас тарту себебі туралы жазбаша түсініктеме беріп, хаттамаға қол қоядан бас тартуға құқылы. Тексеруді тағайындау туралы актіні алудан бас тарту тексеру жүргізбеуге негіз болып табылмайды.

4. Тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген лауазымды адам (адамдар) ғана тексеру жүргізе алады. Бұл ретте тексеру жүргізуші лауазымды адамдар құрамы бақылау және қадағалау органының шешімі бойынша өзгеруі мүмкін. Бұл туралы тексерілетін субъекті және құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі орган тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілмеген адамдар тексеруге қатысқанға дейін ауыстыру себебі көрсетіле отырып, хабардар етіледі.

20-бап. Тексеру жүргізу мерзімі

1. Тексеру жүргізу мерзімі алдағы жұмыстар көлемі, сондай-ақ қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді және ол Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген салықтық тексеруді, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, ветеринария, карантин және өсімдіктерді қорғау, тұқым шаруашылығы, астық және мақта нарығы саласында жүргізілетін тексерулерді жүргізу кезіндегі жекелеген жағдайларды қоспағанда, отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс, олар үшін салалық ерекшеліктері ескеріле отырып, тексерулер жүргізудің мынадай:

1) санитариялық-эпидемиологиялық бақылау саласындағы тексерулер - он бес жұмыс күніне дейін және он бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын;

2) ветеринария, карантин және өсімдіктерді қорғау, тұқым шаруашылығы, астық және мақта нарығы саласында - бес жұмыс күнінен аспайтын және бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын мерзімдері белгіленген.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген салықтық тексерулерді жүргізу кезіндегі жекелеген жағдайларды және осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу қажет болғанда, сондай-ақ тексеру көлемінің ауқымды болуына байланысты бақылау және қадағалау органының басшысы (не оны ауыстыратын адам) тексеру жүргізудің мерзімін отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бір рет қана ұзарту алады.

Тексеру мерзімі ұзартылған жағдайда мемлекеттік орган міндетті түрде құқықтық статистика және арнайы есепке алу уәкілетті органында тіркеу арқылы тексеруді ұзарту туралы қосымша актіні ресімдейді, онда тексеруді тағайындау туралы алдыңғы актінің нөмірі мен тіркелген күні және ұзартудың себебі көрсетіледі.

Тексеру бір айдан аспайтын мерзімге бір рет тоқтатыла тұруы мүмкін.

Ерекше жағдайларда (шет мемлекеттерден және тексеру жүргізу шеңберінде елеулі мәні бар мәліметтерді, құжаттарды алу қажеттігі, отыз жұмыс күнінен асатын мерзімде арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу) тексеруді тоқтата тұру мерзімі белгіленбейді.

Тексерілетін субъектіні тексеруді тоқтата тұру және қайта бастау туралы хабардар ету құқықтық статистика және арнайы есепке алу уәкілетті органға хабарлана отырып, тексеруді тоқтата тұруға не қайта бастауға дейін бір күн бұрын жүргізіледі.

Тексеруді тоқтата тұру және қайта бастау кезінде тексеруді тоқтата тұру және қайта бастау туралы акт жасалады.

Тоқтатыла тұрған тексеруді жүргізу мерзімін есептеу ол қайта басталған күннен бастап жалғасады.

Тоқтатыла тұрған және осы бапта белгіленген мерзімдерде қайта басталмаған тексеру бойынша тексерілетін субъектіні тексеруді қайта жүргізуге жол берілмейді.

Салық қызметі органдары жүзеге асыратын тексерулерді жүргізу тәртібінің мен мерзімдерінің, ұзартудың және тоқтата тұрудың ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Салық кодексі айқындайды.

21-бап. Сараптама (талдау, сынау) үшін өнімнің үлгілерін іріктеу тәртібі

1. Мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізу үшін өнім үлгілерін іріктеу, соның ішінде алынатын үлгілердің саны нормативтік құқықтық актілердің талаптарына және Қазақстан Республикасының өнімге және өнімдерді сынау әдістеріне нормативтік құжаттарға сәйкес анықталады.

2. Өнімнің үлгілерін іріктеуді бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы тексерілетін субъекті басшысының немесе өкілінің және тексерілетін субъектінің уәкілетті адамының қатысуымен жүргізіледі және өнімнің үлгілерін іріктеу актісімен расталады.

Өнімнің іріктелген үлгілері жасақталған, қаптамаланған және пломбыланған (мөр басылған) болуы тиіс.

3. Өнімдер үлгілерін іріктеу актісі үш данада жасалады. Актінің барлық даналарына өнімнің үлгілерін іріктеуге алған лауазымды тұлға және тексерілетін субъектінің басшысы не өкілі қол қояды.

Іріктеу актісінің біреуі жолдамамен және тиісінше іріктелген өнім үлгілерімен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасымен сараптама талдау, сынау жүргізу үшін уәкілетті ұйымға жіберіледі.

Өнімдер үлгілерін іріктеудің екінші данасы тексерілетін субъектіде қалады.

Өнімдер үлгілерін іріктеудің үшінші данасы өнімнің үлгілерін іріктеуді жүзеге асырған адамда сақталады.

4. Іріктелген өнімнің үлгілерін сақтау және тасымалдау осы үлгілердің сараптамасы (талдау, сынағы) жүргізілетін өлшемдерді өзгертуге тиіс емес.

Сараптама (талдау, сынақ) үшін өнімнің үлгілерін іріктейтін бақылау және қадағалау органының лауазымды тұлғасы, олардың сақталуын және сараптаманы (талдауды, сынақты) жүзеге асыру орнына уақтылы жеткізілуін қамтамасыз етеді.

5. Өнімнің үлгілерін іріктеумен байланысты шығыстар бюджеттік қаражат есебінен қаржыландырылады.

6. Сараптама нәтижелерімен, тексерілетін субъектілердің осы Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндетті талаптарды бұзу фактілері расталған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сараптама жүргізу жөніндегі шығыстарды өндіруге міндетті.

7. Тексерілетін субъекті өз бастамашылығы бойынша сараптама жүргізуге уәкілетті органда онда қалған үлгіге сараптама (талдау, сынақ) жүргізе алады.

Бақылау және қадағалау органы және тексерілетін субъекті жүргізген сараптамалар нәтижелерінің алшақтықтары туралы дау сот тәртібімен шешіледі.

22-бап. Өнімдер үлгілерін іріктеу актісі

Өнімдер үлгілерін іріктеу актісінде:

- 1) жасалу орны және күні;
- 2) соның негізінде өнімдер үлгілерін іріктеу жүзеге асырылатын бақылау және қадағалау органы басшысы шешімінің нөмірі және күні;
- 3) өнімдер үлгілерін іріктеуді жүзеге асырушы лауазымды тұлғаның лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты;
- 4) өнімдер үлгілерін іріктеу жүргізілетін тексерілетін субъектінің атауы және орналасқан жері;
- 5) тексерілетін субъекті уәкілетті адамның лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты;

- 6) өндірушіні, өндіру күнін, партияның сериясын (нөмірін), үлгілердің жалпы құнын көрсете отырып, іріктелген өнімдер үлгілерінің тізбесі және саны;
- 7) қаптама түрі және мөр (пломбы) нөмірі көрсетіледі.

23-бап. Тексеру жүргізу кезіндегі шектеулер

Тексеру жүргізу кезінде бақылау және қадағалау органының лауазымды адамдары:

- 1) егер осы Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мемлекеттік органның атынан әрекет ететін лауазымды адамдардың құзыретіне жатпаса, мұндай талаптардың орындалуын тексеруге;
- 2) егер құжаттар, ақпарат, өнім үлгілері, қоршаған орта объектілерін және өндірістік орта объектілерін зерттеу сынамалары тексеру объектілері болып табылмаса немесе тексеру нысанасына жатпаса, оларды ұсынуды талап етуге;
- 3) өнім үлгілеріне, қоршаған орта объектілерін және өндірістік орта объектілерін зерттеу сынамаларына зерттеу, сынау, өлшеу жүргізу үшін көрсетілген үлгілердің, сынамалардың белгіленген нысан бойынша және (немесе) мемлекеттік стандарттарда, үлгілерді, сынамаларды іріктеп алу қағидаларында және олардың зерттеу, сынау, өлшеу әдістерінде, техникалық регламенттерде немесе олар күшіне енетін күнге дейін қолданыста болатын өзге де нормативтік техникалық құжаттарда, зерттеу, сынау, өлшеу қағидаларында және әдістерінде белгіленген нормадан асатын санда іріктеп алынуы туралы хаттамаларды ресімдемей, оларды іріктеп алуға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізу нәтижесінде алынған және коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етуге және (немесе) таратуға;
- 5) тексеру жүргізудің белгіленген мерзімдерінен асып кетуге;
- 6) осы Заңның 15-бабы 7-тармағының 2), 4), 6), 7), 8) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, белгілі бір мәселе бойынша, белгілі бір кезеңде бұрын тексеру жүргізілген жеке немесе заңды тұлғаға қатысты көрінеу қайта тексеру жүргізуге;
- 7) мемлекеттік бақылау мақсатында шығынды сипаттағы іс-шараларды тексерілетін субъектілердің есебінен жүргізуге құқылы емес.

24-бап. Тексерулерді ресімдеу тәртібі

1. Тексерудің нәтижелері бойынша тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органның лауазымды адамы екі данада тексеру нәтижелері туралы акті жасайды.

Тексеру нәтижелері туралы актіде:

- 1) актінің жасалған күні, уақыты және орны;
- 2) тексеруді жүргізген мемлекеттік органның атауы;
- 3) соның негізінде тексеру жүргізілген тексеруді тағайындау туралы актінің күні мен нөмірі;
- 4) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда) және лауазымы;
- 5) тексерілетін субъектінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда), тексеруді жүргізу кезінде қатысқан заңды тұлға өкілінің немесе жеке тұлға өкілінің лауазымы;
- 6) тексерудің жүргізілген күні, орны және кезеңі;
- 7) тексерудің нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар туралы, олардың сипаты туралы мәліметтер;
- 8) тексерілетін субъекті өкілінің, сондай-ақ тексеруді жүргізу кезінде қатысқан адамның актімен танысуы туралы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолы немесе қол қоядан бас тартуы туралы;
- 9) тексеруді жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолы көрсетіледі.

Тексерудің нәтижелері туралы актіге олар болған жағдайда өнімнің үлгілерін (сынамаларын)

іріктеу, қоршаған орта объектілерін зерттеу туралы актілер, жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың) және сараптамалардың хаттамалары (қорытындылары) және тексеру нәтижелерімен байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері қоса беріледі.

2. Тексерудің нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда, заң тұлға басшысы немесе жеке тұлға не олардың өкілдері оларды жазбаша түрде белгілейді.

Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру жүргізудің нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, ол туралы тиісті белгі жасалады.

3. Тексерілетін субъектіге түпнұсқа ретінде болатын құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, қосымшаларының көшірмелері бар тексерудің нәтижелері туралы актінің бір данасы танысу және анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шараларды және басқа да іс-қимылдарды қабылдау үшін заңды тұлғаның басшысына немесе жеке тұлғаға не олардың өкілдеріне тапсырылады.

4. Тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша тексерілген субъекті үш күндік мерзімде қарсылықтар болмағанда тексеруді жүргізген мемлекеттік органның басшысымен келісілген мерзімдерді көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданатын шаралар туралы ақпарат беруге міндетті.

5. Тексерілетін субъектілер келушілер мен тексерулерді есепке алу кітабын жүргізуге құқығы бар. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары тексерілетін субъектілердің келушілер мен тексерулерді есепке алу кітабында тегін, лауазымдарын және актіде баяндалған деректерді көрсете отырып, жүргізілген іс-қимылдар туралы жазба жасауға міндетті.

6. Түпнұсқалық бухгалтерлік және өзге де құжаттарды алып қоюға және алуға тыйым салынады.

Түпнұсқалық құжаттарды алып қою және алу Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің нормаларына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жағдайларда жүргізіледі.

7. Тексеру жүргізілген кезде осы Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылық болмаған жағдайда актіге тексеру нәтижелері жөнінде тиісті жазба жасалады.

8. Тексерілетін субъектіге тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген тексеруді аяқтау мерзімінен кешіктірілмей тексеру нәтижелері туралы актінің тапсырылған күні тексеру мерзімінің аяқталуы деп есептеледі.

25-бап. Бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарының тексерулер жүргізу кезінде анықталған бұзушылықтар фактілері бойынша қабылдаған шаралары

1. Егер тексеру нәтижесінде тексерілетін субъектілердің осы Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтар фактілері анықталған болса, бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өкілеттіктер шегінде анықталған бұзушылықтарды жою, оларды ескерту, адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне ықтимал зиян келтіруді болдырмау жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шараларды қабылдауға, сондай-ақ бұзушылыққа жол берген адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

2. Тексерілетін органға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралар қабылданған кезде бақылау және қадағалау органы Қазақстан Республикасының заңдарында анықталған жағдайларда және тәртіппен прокурорды хабардар етеді.

26-бап. Бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері

1. Тексерілетін субъектілерге бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының:

1) осы Заңның 18-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсеткен кезде тексерілетін объектінің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге;

2) қағаз және электронды жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін тексеру нәтижелері туралы актіге қосу үшін алуға, сондай-ақ тексерудің міндеттері мен мәніне сәйкес автоматтандырылған деректер қорына (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуге;

3) мемлекеттік органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандарын, консультанттарын және сарапшыларын тартуға құқығы бар.

2. Тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына тексеру мәніне жатпайтын талаптар қоюға және өтініш жасауға тыйым салынады.

3. Мемлекеттік бақылауды жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, тексерілетін субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

2) тексеруді осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген негізде және тәртіппен қатаң сәйкестікте жүргізуге;

3) тексеру жүргізу кезеңінде тексерілетін субъектілердің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеуге;

4) осы Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтың алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде орындауға;

5) тексеру жүргізу кезінде тексерілетін субъектінің қатысуына кедергі келтірмеуге, тексеру мәніне жатқызылған мәселелер бойынша түсініктер беруге;

6) тексеру жүргізу кезінде тексерілетін субъектіге тексерудің мәніне қатысты қажетті ақпарат беруге;

7) тексеру аяқталған күні не «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тексерілетін субъектіге жүргізілген тексерудің нәтижелері туралы актіні беруге;

8) алынған құжаттардың және тексеру жүргізудің нәтижесінде алынған мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

27-бап. Бақылау және қадағалау жүргізу кезіндегі тексерілетін субъектінің құқықтары мен міндеттері

1) бақылау және қадағалау органдарының, тексеру жүргізу үшін объектіге келген лауазымды адамдарын мынадай:

жоспарлы тексерулер тағайындалған кезде алдағы тексерулерге қатысты уақыт аралығы сақталмаған;

тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген мерзімдер асып кеткен не олар өтіп кеткен, осы Заңда белгіленген мерзімдерге сәйкес келмеген;

осы Заңның 15-бабы 7-тармағының 2), 4), 6) 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік орган белгілі бір мәселе бойынша, белгілі бір кезеңде бұрын тексеру жүргізілген тексерілетін субъектіге қатысты көрінеу қайта тексеру тағайындаған;

егер алдыңғы тексеру кезінде бұзушылықтар анықталмаған болса, осы Заңның 15-бабы 7-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындалған;

осы Заңның 11, 12, 13-баптарында және 17-бабының 1-тармағында көзделген ақпарат пен құжаттар болмаған;

егер Қазақстан Республикасының Салық кодексінде өзгеше көзделмесе, жасалған не әзірленіп жатқан қылмыстар туралы өтініште немесе хабарламада, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу туралы өзге де өтініштерде көрсетілген уақыт аралығының шеңберінен шығатын кезеңде тексеру тағайындалған;

тексеру жүргізуге тиісті өкілеттіктері жоқ адамдарға тексеру жүргізу тапсырылған; осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тексеруді

тағайындау туралы бір актіде тексеруге тартылатын бірнеше тексерілетін субъектілері көрсетілген; тексеру мерзімдері осы Заңда белгіленген мерзімнен асырып ұзартылған жағдайларда, объектіге тексеру жүргізу үшін келген мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын тексеруге жібермеуге;

2) егер жүргізілетін тексерудің мәніне жатқызылмаған немесе актіде көрсетілген кезеңге жатқызылмаған болса, мәліметтер бермеуге;

3) тексеруді тағайындау туралы актіге және тексерудің нәтижелері туралы актіге және мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың тексерілетін субъектілердің қызметін шектейтін заңға негізделмеген тыйым салуларын орындамауға;

5) тексеруді жүзеге асыру процесін, сондай-ақ лауазымды адамның қызметіне кедергі келтірместен, аудио- және бейне-техника құралдарының көмегімен лауазымды адамның тексеру шеңберінде жүргізетін жекелеген іс-әрекеттерін тіркеуге;

6) үшінші тұлғалардың өз мүдделері мен құқықтарын білдіруі, сондай-ақ үшінші тұлғалардың осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асыруы мақсатында оларды тексеруге қатысуға тартуға құқылы.

2. Мемлекеттік органдар мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізген кезде тексерілетін субъектілер;

1) осы Заңның 17-бабы 1-тармағының талаптары сақталған кезде тексерілетін объектінің аумағына және үй-жайларына мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының кедергісіз өтуін қамтамасыз етуге;

2) коммерциялық не өзге де құпияны қорғау талаптарын сақтай отырып, тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қағаз және электронды жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін тексерудің нәтижелері туралы актіге қосу үшін табыс етуге, сондай-ақ тексерудің міндеттері мен мәніне сәйкес автоматтандырылған деректер қорына (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуіне мүмкіндік беруге;

3) тексеруді тағайындау туралы актінің екінші данасында алғаны туралы белгі жасауға;

4) жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы актінің екінші данасында, ол аяқталған күні алғаны туралы белгі жасауға;

5) тексеруді жүзеге асыру кезеңінде тексерілетін құжаттарға, егер осы Заңмен не Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен өзгеше көзделмесе, өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бермеуге;

6) объектіге тексеру жүргізу үшін келген адамдардың осы объекті үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік факторлар әсерінен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

28-бап. Осы Заңның талаптарын өрескел бұза отырып жүргізілген тексерудің жарамсыздығы

1. Бақылау және қадағалау органының осы Заңда белгіленген, тексеруді ұйымдастыру мен жүргізуге қойылған талаптарды өрескел бұза отырып жүргізген тексеруі жарамсыз деп танылады, ал осы тексерудің нәтижелері жөніндегі акт тексерілетін субъектілердің осы Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндетті талаптарды бұзуының дәлелі болып табылмайды және жоғары тұрған мемлекеттік органның немесе соттың оның күшін жоюына негіз болып табылады.

Жоғары тұрған мемлекеттік органның тексерудің жарамсыздығына байланысты тексерілетін субъектінің өтінішін қарауы өтініш берілген кезден бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мұндай өтінішті қараудың белгіленген мерзімі бұзылған жағдайда шешім тексерілетін субъектінің пайдасына шешілді деп есептеледі.

2. Өрескел бұзушылыққа:

1) тексеру жүргізу негіздерінің болмауы;

- 2) тексеруді тағайындау туралы актінің болмауы;
- 3) тексеру жүргізу туралы хабарлама мерзімдерінің сақталмауы;
- 4) осы Заңның 22-бабының талаптарын бұзу;
- 5) жоспарлы тексеру тағайындау кезінде алдыңғы тексеруге қатысты уақыт аралығын бұзу;
- 6) тексерілетін субъектіге тексеру актісін табыс етпеу;
- 7) мемлекеттік органдардың олардың құзыретіне жатпайтын мәселелер бойынша тексерулер тағайындауы жатады.

29-бап. Бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

1. Бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезінде тексерілетін субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда тексерілетін субъекті тиісті органның және (немесе) лауазымды адамның іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік органға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқылы.

2. Тексерілетін субъектінің қылмыстық істі қозғаумен және тексеру жүргізумен байланысты мемлекеттік органдардың іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдануы Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3-тарау. Қорытынды ережелер

30-бап. Қазақстан Республикасының бақылау және қадағалау саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылығы

Қазақстан Республикасының бақылау және қадағалау заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

31-бап. Осы Заңның күшіне ену тәртібі

Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап кейін он күн өткен қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

«Қазақстан Республикасындағы
мемлекеттік бақылау және
қадағалау туралы»
Қазақстан Республикасының
2010 жылғы « »
Заңына қосымша

Мемлекеттік бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметінің салалары

1. Мемлекеттік бақылау:
 - 1) электр энергетикасы саласында;
 - 2) жер қойнауын пайдалану саласындағы келісім-шарттар талаптарының сақталуына;
 - 3) жер қойнауын зерделеу және пайдалану саласында;
 - 4) мұнайгаз кәсіпшілігі инфрақұрылымына;
 - 5) халықтың радиациялық қауіпсіздігі саласында;
 - 6) мұнай операцияларын жүргізу саласында;
 - 7) мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірілуіне және оның айналымына;
 - 8) атом энергиясы саласында;
 - 9) автомобиль көлігі саласында;
 - 10) темір жол көлігі саласында;
 - 11) Мемлекеттік шекарадан өткізу пункттерінде көлік құралдарының иелері мен тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласында;
 - 12) көлік саласында;
 - 13) өнімді тиеп жіберу алдындағы кезеңде және (немесе) түпкілікті пайдаланылуында;
 - 14) техникалық реттеу саласында;
 - 15) Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына;
 - 16) метрология саласында;
 - 17) тұрғын үй қатынастары саласында;
 - 18) асыл тұқымды мал шаруашылығы және ара шаруашылығы саласында;
 - 19) жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану саласында;
 - 20) тұқым шаруашылығы саласында;
 - 21) астық нарығын реттеу саласында;
 - 22) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласында;
 - 23) Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау саласында;
 - 24) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласында;
 - 25) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында;
 - 26) мақтаның қауіпсіздігі және сапасы саласында;
 - 27) жерді пайдалану мен қорғауға;
 - 28) геодезиялық және картографиялық қызметке;
 - 29) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында;
 - 30) шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне;
 - 31) қалдықтармен жұмысқа;
 - 32) міндетті экологиялық сақтандыру;
 - 33) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында;
 - 34) азаматтық қорғаныс саласында;
 - 35) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында;
 - 36) өрт қауіпсіздігі саласында;
 - 37) қызметі үшінші тұлғаларға нұқсан келтіру қауіптілігіне байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласында;
 - 38) дәрілік заттардың айналысы саласында;
 - 39) көрсетілетін медициналық және арнаулы әлеуметтік қызметтердің сапасына;
 - 40) халыққа жұқпалы ауруларға қарсы алдын ала егудің ұйымдастырылуына және өткізілуіне;
 - 41) жұқпалы аурулардың алдын алу жөніндегі іс-шаралардың ұйымдастырылуына және олардың өткізілуіне;
 - 42) білім беру саласында;
 - 43) Ұлттық мұрағат қорының құрамына жатқызылған және жеке мұрағаттарда сақталатын құжаттардың сақталуына;
 - 44) Қазақстан Республикасының еңбек туралы және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнамасының сақталуына;
 - 45) қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде оны жазатайым оқиғалардан

міндетті сақтандыру саласында;

46) халықты жұмыспен қамту саласында;

47) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында;

48) арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну саласында;

49) бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына;

50) байланыс саласында;

51) ақпараттандыру саласында;

52) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына;

53) салық және басқа да міндетті төлемдердің бюджетке түсуін, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың толық және уақтылы аударылуына;

54) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде салықтық емес түсімдердің түсуіне;

55) трансферттік бағаларды қолдану кезінде;

56) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына;

57) сырттай байқау рәсімдерінің, оңалту рәсімдерінің, конкурстық іс жүргізудің өткізілуіне;

58) валюталық операцияларды және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыруға;

59) құзыреті шегінде қаржылық ұйымдардың қызметіне;

60) төлемдер және ақша аударымдары, вексель айналымдары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қазақстан Республикасы валюта заңнамасының сақталуына;

61) төлем жүйелерінің жұмыс істеуіне;

62) экономикалық шоғырлануға;

63) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының сақталуына;

64) авторлық құқық және сабақтас құқық, өнеркәсіптік меншік, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхема топологиясы объектілерін пайдалануға;

65) нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтінін кейіннен жариялау саласында;

66) бағалау қызметі саласында;

67) табиғи монополиялар салаларында;

68) реттелетін нарық субъектілерінің Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасында белгіленген міндеттерді және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген, мемлекет реттеп отыратын бағалар енгізілетін өнімдер, тауарлар және көрсетілетін қызметтер номенклатурасы бойынша белгіленген бағаларды сақтауына;

69) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуына;

70) жол қозғалысы қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіне;

71) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыспен қамтылған жеке және заңды тұлғалардың қызметіне;

72) түрлі-түсті бейнелі көбейткіш-көшіргіш техниканың, сондай-ақ штемпельді-гравюралық кәсіпорындардың қызметіне;

73) жарылғыш және улы заттарды, радиоактивті материалдар мен заттарды қолдану мен олардың жұмыс істеуінің белгіленген ережелерінің сақталуына;

74) шетелдік жұмыс күшін тарту ережелерінің сақталуына;

75) күзет қызметіне;

76) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына;

77) көлік құралдарының иелері мен тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласында;

78) Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасының сақталуына;

79) аудиторлық қызмет және кәсіби аудиторлық ұйымдар қызметі саласында;

80) Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының сақталуына;

81) Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасының сақталуына;

82) Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамасының орындалуына;

83) спорт объектілерін пайдалану, оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі стандарттардың, ережелер мен нормалардың сақталу мәніне;

84) спортта допингке қарсы іс-шаралардың жүргізілуіне;

85) бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласында;

86) өңірлік қаржы орталығы қатысушыларының Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы саласындағы қызметіне;

87) тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғалуына және пайдаланылуына;

88) мемлекеттік статистика саласында: мемлекеттік статистика саласындағы бақылау;

89) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласында жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қадағалау:

1) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану саласында;

2) азаматтық авиация қызметіне;

3) халықаралық әуе тасымалдарына;

4) авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;

5) сауда мақсатында теңізде жүзу саласында;

6) ішкі су көлігі саласында;

7) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында;

8) ветеринария саласында;

9) өсімдіктерді қорғау және оның карантині саласында;

10) санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық саласында;

11) қаржы нарығына және қаржы ұйымдарына;

12) кредиттік бюролар қызметіне;

13) инвестициялық қорлар қызметіне жүзеге асырылады.